

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨСКЕМЕН  
ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

2019 ж. «27» 12

Тіркелді

Құрылтай құжаттарына (ережесі) енгізілген

өзгерту мен толықтырулар

БСН

941040000097

Бекітілді

«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс  
беретін акцияларына ие

Жалғыз акционердің

«28» Қараша 2019 ж. № 11/19 шешімі

«Үлбі металлургиялық зауыты»

акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Өскемен қ., 2019 жыл

## 1. Жалпы қағидалар

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - АҚ) осы Жарғысы оның фирмалық атауын, АҚ атқарушы органының орналасқан жерін, АҚ артықшылықты акцияларымен расталған құқықтар көлемін қоса алғандағы акционерлердің құқықтары туралы мәліметтерді, АҚ органдарын құру тәртібі мен олардың құзыретін, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін, АҚ акционерлеріне АҚ қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін, АҚ акционерлері мен лауазымды тұлғаларының аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібін, АҚ-ның қызметін тоқтату шарттары мен Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтық ережелерді белгілейді.

### 1. АҚ-ның толық және қысқарған фирмалық атауы:

#### 1.1. мемлекеттік тілде:

1.1.1. толық - «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы;

1.1.2. қысқаша - «ҮМЗ» АҚ.

#### 1.2. орыс тілінде:

1.2.1. толық - Акционерное общество «Ульбинский металлургический завод»;

1.2.2. қысқаша - АО «УМЗ».

#### 1.3. ағылшын тілінде:

1.3.1. толық - «Ulba Metallurgical Plant» Joint-Stock Company;

1.3.2. қысқаша - «UMP» JSC.

2. АҚ атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070005, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102.

3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құжат болып табылады.

4. Осы Жарғы 3 (үш) түпнұсқа данада мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген. Бұл ретте олардың барлығы тең заңды күшке ие.

## 2. АҚ-ның заңды мәртебесі

5. «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құрылған.

6. АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Қор туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, АҚ Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ АҚ органдарының шешімдерін басшылыққа алады.

7. «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымы болып табылады.

8. АҚ-ның дербес бухгалтерлік балансы бар, сондай-ақ өзінің барлық тәуелді акционерлік қоғамдары, еншілес және бірге бақылайтын ұйымдары, филиалдары және өкілдіктерінің қаржылық есептілігін қоса алғанда, қосынды шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды.

9. Үлгілерін АҚ Басқармасы бекіткен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркеген АҚ-ның өзінің тауарлық белгісі және нышандары болуы мүмкін. АҚ-ның фирмалық атауы; өзінің фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі; мемлекеттік, орыс, ағылшын және қажет болған жағдайда басқа тілдерде де мөртабандары; фирмалық бланктері мен визуалдық сәйкестендірудің басқа да құралдары бар.
10. АҚ АҚ-ның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілген мүліктің; өзінің кәсіпкерлік қызметінің нәтижесінде алынған мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатылып алынған мүліктің меншік иесі болып табылады.
11. АҚ өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. АҚ өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.
12. АҚ акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде АҚ қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.
13. АҚ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те АҚ-ның міндеттемелері бойынша жауапты емес.
14. АҚ өз атынан:
  - 14.1. шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасауға және Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да әрекеттерді жасауға;
  - 14.2. Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін/акцияларды, жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды, өндірістік үлгілерді, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, ақпаратты, соның ішінде ғылыми-техникалық, авторлық және сабақтас, жер қойнауын пайдалану құқығын, сондай-ақ кез келген басқа да мүлікті сатып алуға;
  - 14.3. Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс консорциумдарды (альянстарды), заңды тұлғаларды, филиалдарды, өкілдіктерді және/немесе басқа да дербес бөлімшелерді құруға;
  - 14.4. Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және АҚ Корпоративтік басқару кодексімен белгіленген тәртіптегі өзіне жеке меншік құқығында тиесілі мүлікті иеліктен шығаруға, мүліктік жалға беруге, қарызға беруге және басқа да тәсілмен иелік етуге;
  - 14.5. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте ұзақ мерзімді табыс алу мақсатында, басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарына, мемлекеттік және жергілікті қарыздардың пайыздық облигацияларына ұзақ мерзімді инвестицияларды, басқа да салымдарды жүзеге асыруға;
  - 14.6. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте шартқа отырып, мемлекеттік (үлттық) бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысуға және мемлекеттің мұқтажы үшін жұмыстарды/қызметтерді орындауға/көрсетуге;
  - 14.7. Қазақстан Республикасында, сондай-ақ оның шегінен тыс банктерде заңмен белгіленген тәртіпте банктік шоттарды ашуға;
  - 14.8. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделгендермен салыстырғанда, өз қаржысы есебінен АҚ-ның ұжымы және/немесе жекелеген қызметкерлеріне еңбек, әлеуметтік және/немесе басқа да жеңілдіктерді қосымша енгізуге;
  - 14.9. басқа да мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды алуға құқылы.
15. АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің құрамын, көлемін және оны қорғау тәртібін өз бетімен белгілейді, және

коммерциялық құпияның (технологиялық, патенттік, лицензиялық ақпарат және т.б.) сақталуын қамтамасыз етеді.

16. АҚ-ның қызметі туралы ақпарат қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сонымен қатар Интернет жүйесіндегі АҚ-ның ресми корпоративтік веб-сайтында - [www.ulba.kz](http://www.ulba.kz) жарияланады.

### 3. АҚ қызметінің мақсаты, мәні және түрлері

17. АҚ-ның негізгі мақсаты атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында жұмыстарды/қызметтерді орындау/көрсету жолымен табыс алу болып табылады. АҚ жоғары технологиялы уран, бериллий, тантал, ниобий өнімдерінің түрлерін және балқытқыш қышқылды өндіру, қайта өңдеу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асырады, дүниежүзілік нарықта ядролық-отындық циклі өнім түрлерінің танымал жеткізушісі болып табылады.

18. Атомдық-өнеркәсіптік кешеннің кәсіпорны ретіндегі АҚ өзінің негізгі өндірістік қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, соның ішінде атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы лицензияланатын қызмет түрлері шеңберінде және ядролық, радиациялық, экологиялық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес іске асырады.

19. АҚ қызметінің мәні және түрлері:

19.1. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында:

19.1.1. атом энергиясын бейбіт пайдалану объектілерінің өмірлік циклі кезеңдерімен байланысты жұмыстарды/қызметтерді орындау/көрсету;

19.1.2. ядролық материалдармен, иондаушы сәулелендіру көздерімен (медициналық мақсаттағы рентгендиагностикалық қондырғыларды қоспағанда) және радиоактивті заттармен жұмыс істеу;

19.1.3. медициналық рентгендік құрал-жабдықты пайдалануды қоспағанда, рентгендік құрал-жабдықты әзірлеу, өндіру, өткізу және пайдалану;

19.1.4. атом энергиясын бейбіт пайдалану саласында қызметтер көрсету;

19.1.5. ядролық материалдар, иондаушы сәулелендіру көздері, радиоактивті материалдар мен радиоактивті қалдықтарға арналған көліктік контейнерлер, орама жиынтықтары мен материалдар, құралдар, контейнерлердің техникалық құжаттамасын әзірлеу, құрастыру, жасау, өндіру;

19.1.6. радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу;

19.1.7. Қазақстан Республикасы аумағының шегінде транзиттікті қоса алғанда, ядролық материалдар, радиоактивті заттар, радиоизотопты иондаушы сәулелендіру көздерін, радиоактивті қалдықтарды тасымалдау;

19.1.8. бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарында және өткізілген ядролық жарылыстардың нәтижесінде ластанған өзге де аумақтардағы қызмет;

19.1.9. ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау;

19.1.10. атом энергиясын бейбіт пайдаланумен байланысты қызмет үшін мамандар мен персоналды арнайы дайындау;

19.1.11. құрамында уран бар шикізаттан уран өнімін өндіру, құрамында уран бар өнімдерді қайта өңдеу;

19.1.12. атом энергиясын бейбіт пайдалану саласында жаңа материалдар, өнімдер мен құрылғыларды шығаруға бағытталған зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер бойынша жұмыстар жүргізу, жаңа үдерістер, жүйелер мен көрсетілетін қызметтерді енгізу;

19.1.13. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін табиғи уранның химиялық концентратын (ТУХК) өндіру.

19.2. Минералды шикізатты қайта өңдеу және өткізу саласында:

- 19.2.1. минералды шикізатты қайта өңдеу;
  - 19.2.2. құрамында бериллий бар шикізатты қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау, металл бериллий мен оның қосылыстарын, лигатуралар мен қорытпаларды, сондай-ақ олардың негізіндегі бұйымдарды алу және өндіру, бериллий өнімін өткізу;
  - 19.2.3. құрамында тантал-ниобий бар шикізатты, құрамында тантал-ниобий бар шикізатты қайта өңдеудің аралық өнімдерін, тантал мен ниобий өнімін тұтынушылардың өндіріс қалдықтарын, құрамында тантал-ниобий бар конденсаторлар өндірісі сынықтарын, металлургиялық балқыту шалмдары, қождарын, жиындыларды қайта өңдеу; танталдан, ниобийден, вольфрамнан және олардың қосылыстарынан өнімдер шығару, сақтау, тасымалдау және өткізу;
  - 19.2.4. металл тантал мен ниобийді, олардан қосылыстарды, қорытпаларды, сондай-ақ олардың негізіндегі жартылай фабрикаттарды алу және өндіру, тантал мен ниобий өнімін өткізу және тасымалдау;
  - 19.2.5. құрамында флюорит бар шикізатты, құрамында фтор бар қалдықтарды өндіру, байыту, тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу, балқытқыш қышқылды алу және өндіру, балқытқыш қышқылды, гипсті, флюоритті концентраттарды сақтау, тасымалдау және өткізу;
  - 19.2.6. түсті металдардан өнімді шығару, тасымалдау және өткізу;
  - 19.2.7. түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу;
  - 19.2.8. асқынөткізгішті материалдарды өндіру, тасымалдау және өткізу;
  - 19.2.9. мыналардың қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу:
    - 19.2.9.1. негізінде құрамында ниобий мен титан бар асқынөткізгіш материалдар;
    - 19.2.9.2. бериллий, оның қорытпалары мен лигатуралары, құрамында бериллий бар материалдар;
    - 19.2.9.3. отын таблеткаларын өндіру кезінде түзілетін молибден;
    - 19.2.9.4. ниобий, тантал.
  - 19.2.10. кен өндіру, байыту және түсті, сирек, сирекжер, қиын балқитын металдар мен олардың қосылыстарын алу, өндіріс қалдықтарын көму;
  - 19.2.11. негізгі қызметіне сәйкес фторлы кристалды магнийді, ферроқорытпаны (ферросилиция), графитті қиықтар мен жоңқаны, түйіршіктелген бейтарап фторгипсті (фторангидрит) шығару және сату.
- 19.3. Өнеркәсіп саласында:
- 19.3.1. құрал-жабдықты, соның ішінде жүккөтергіш, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, технологиялық құбырларды диагностикалаудың бұзбайтын әдістері бойынша жұмыстар мен қызметтер;
  - 19.3.2. құрал-жабдықты, машиналар мен механизмдерді дірілді диагностикалау бойынша жұмыстар мен қызметтер;
  - 19.3.3. технологиялық, жылу-күштік құрал-жабдықты, беріліс құрылғылары мен құбырлардың барлық түрлерін жасау, құрастыру, пайдалану және жөндеу;
  - 19.3.4. қондырғыларды жобалау, жүккөтергіш машиналарды, көтергіш құрылыстарды, қазандықтар, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырларды пайдалану және жөндеу;
  - 19.3.5. энергетикалық желілер мен байланыс желілерін күтіп-ұстау бойынша қызметті іске асыру;
  - 19.3.6. ауаны бөлу өнімдерін, оттектің сығылған және сұйылтылған газдарын, сутек, азот, көмірқышқылды мен газды қоспаларды өндіру, тасымалдау және өткізу;
  - 19.3.7. технологиялық өндіріс үдерістерін автоматтандыру, бақылау және басқару;
  - 19.3.8. өлшеу құралдарын өндіру, тексеру, калибрлеу, жөндеу және пайдалану;
  - 19.3.9. өлшеулерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау, техникалық құжаттаманы метрологиялық сараптау және метрологиялық бақылады іске асыру;

- 19.3.10. шикізат, реагенттер, дайын өнім мен материалдардың сапасына аналитикалық бақылау;
- 19.3.11. өндірісті техникалық және технологиялық дайындау;
- 19.3.12. технологиялық және инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды сараптау;
- 19.3.13. жергілікті телефон байланысы қызметтерін көрсету;
- 19.3.14. электр жабдығын, кіші станциялар мен желілердің барлық түрлерін құрастыру, пайдалану және жөндеу;
- 19.3.15. жарылыстан қорғалған электр жабдығын пайдалану;
- 19.3.16. электр жабдығы мен электр желілерін баптау;
- 19.3.17. электр және жылу энергиясын беру және бөлу, электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларды пайдалану;
- 19.3.18. артезиан суын өткізу;
- 19.3.19. тау өндірістерін жобалау және пайдалану;
- 19.3.20. химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілік, геологиялық барлау, тау-шахталық, металлургиялық, энергетикалық құрал-жабдықты, жарылыстан қорғалған электртехникалық жабдықты, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қазандықтар, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырларды жобалау, жасау, құрастыру, жөндеу;
- 19.3.21. көміртекті және графитті электродтар мен электркөміртекті және графитті өнімнің басқа да түрлерін өндіру;
- 19.3.22. қалыптау, баспақтау, созу, илемдеу және т.б. жолмен металл бұйымдарды өндіру;
- 19.3.23. өз мұқтаждығы және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ холдингі кәсіпорындары үшін металдандырылған қорғағыш жабындарды, полимер материалдардан жасалған жабындарды қондыру, құрал-жабдықты қаптамалау, металл беттерін өңдеу;
- 19.3.24. Курчатов қаласындағы байыту фабрикасы үшін өзінің қазандықтармен жылу энергиясын өндіру;
- 19.3.25. өз мұқтаждығы үшін АҚ өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижесінде түзілген барлық деңгейлі және қауіптілік сыныптарындағы қатты, сұйық қалдықтарды (соның ішінде радиоактивті) сәйкестендіру және жинау;
- 19.3.26. АҚ өз мұқтаждығы үшін арнайы полигондарында алдын ала сәйкестендіре отырып, барлық деңгейлі (кез келген түстік жіктелім) және қауіптілік сыныптарындағы қалдықтарды, соның ішінде радиоактивті қалдықтар мен иондаушы сәулелендіру көздерін өңдеу, бөлу және сақтау;
- 19.3.27. АҚ өз мұқтаждығы үшін жару жұмыстарын жүргізу;
- 19.3.28. АҚ пайдаланылған майлау заттары мен майларын сату;
- 19.3.29. АҚ жұмыскерлері мен АҚ аумағында орналасқан заңды тұлғалардың жұмыскерлерін автомобиль көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру және іске асыру;
- 19.3.30. өз мұқтаждықтары және АҚ аумағында орналасқан заңды тұлғалардың мұқтаждықтары үшін автобиль көлігімен жүк тасымалын ұйымдастыру және іске асыру;
- 19.3.31. өз мұқтаждықтары үшін шикізатты, реагенттерді, материалдарды, қосалқы бөлшектер мен құрал-жабдық толымдауыштарын қоймалау және сақтау;
- 19.3.32. теміржолды пайдалану, вагондарды беру-алып кету және өлшеу, АҚ иелік ететін теміржолдар мен теміржол инфрақұрылымын күтіп-ұстау;
- 19.3.33. АҚ иелік ететін магистральдық және басқа да құбыр жолдарды пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету.
- 19.4. Жобалау және құрылыс саласында:
- 19.4.1. бар және жаңадан құрылатын өндірістер бойынша, сондай-ақ бөгде тапсырыс берушілер үшін жобалау-ізвестіру, ғылыми-зерттеу, жобалау-құрастыру жұмыстарын орындау;
- 19.4.2. табиғат қорғауды жобалау және нормалау;

- 19.4.3. шығарылатын өнімге қажетті технологиялық, конструкторлық және нормативтік-техникалық құжаттаманы, сондай-ақ оны бақылау әдістерін әзірлеу;
- 19.4.4. техникалық қайта жабдықтау;
- 19.4.5. қалдықтарды сақтау және көму үшін пайдаланылатын гидротехникалық құрылыстарды жобалау, салу, пайдалануға беру, пайдалану, қайта құру, тоқтатып қою және пайдаланудан шығару;
- 19.4.6. сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инженерлік қызмет көрсету;
- 19.4.7. АҚ балансындағы өндірістік, кеңселік және басқа да мақсаттағы жылжымайтын мүлікті жалға беру.

#### 19.5. Қауіпсіздік саласында:

- 19.5.1. АҚ қызметінің барлық кезеңдерінде еңбекті қорғауды, ядролық, радиациялық, өнеркәсіптік, экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бақылау;
- 19.5.2. заңды тұлғаның экономикалық қауіпсіздігі мен коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды, зияткерлік меншік нысандарын қорғау;
- 19.5.3. ақпаратты техникалық қорғау бойынша қызметті іске асыру, ақпаратты техникалық қорғау құралдарын орнату, баптау және сервистік қызмет көрсету;
- 19.5.4. технологиялық және инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды сараптау;
- 19.5.5. құрылыстарға технологиялық ілесе жүріп, тапсырыс беруші-салушының қызметтерін іске асыру;
- 19.5.6. уларды сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану және жою;
- 19.5.7. прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет;
- 19.5.8. ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу;
- 19.5.9. өз мұқтаждықтары үшін шикізат, өнім, материалдар мен реагенттерді техникалық сынаудың барлық түрлерін орындау, желдету жүйелері мен құрал-жабдығы жұмысының, ЖШК-дан атмосфераға шығарындылардың жай-күйі мен параметрлерін бақылау, қорғау құралдарын сынауды жүргізу, өлшемдерді орындау әдістемелері мен ілеспе құжаттаманы әзірлеу.

20. АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен шарттарда, Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ оның шегінен тыс Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін іске асыруға құқылы.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын немесе Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының әрекет етуіне жататын жекелеген қызмет түрлерін АҚ рұқсаттық немесе хабарламалық тәртіптен кейін ғана іске асыра алады.

#### 4. АҚ-ның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

22. АҚ жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.

23. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олар бір акционер деп танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады. Егер Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, акцияның бір түрі оны иеленетін әрбір акционерге осындай акциялар түрінің басқа иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді.

24. Жай дауыс беретін акциялардың 100 пайызы «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – мәтін бойынша Жалғыз акционер) тиесілі.

25. Жай акция акционерге дауысқа салуға шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығын, АҚ таза табыс бар болған жағдайда дивиденд алу, сондай-ақ АҚ таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 25.1. Жай акциялар бойынша дивидендтер АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімі негізінде жылдың қорытындылары бойынша төленеді. АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде төмендегі мәліметтер болуы тиіс:
- 25.1.1. АҚ-ның фирмалық атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
  - 25.1.2. дивиденд төленетін кезең;
  - 25.1.3. бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
  - 25.1.4. дивидендті төлеп бастау күні;
  - 25.1.5. дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
  - 25.1.6. төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).
- 25.2. Дивидендтер алу құқығы бар және АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жаңартылған деректемелері бар акционерлерге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер толық төленбейінше АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.
- 25.3. АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
26. Артықшылықты акциялардың меншік иелері – акционерлердің жай акциялардың меншік иесі – Жалғыз акционерге қарағанда осы Жарғыда белгіленген, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға, және АҚ таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мүлкінің бір бөлігіне басым құқығы бар.
27. Төмендегі жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге АҚ басқаруға қатысу құқығын бермейді, сол жағдайлар:
- 27.1. АҚ Жалғыз акционері шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін болатын мәселені қарауы. Шектеу қою үшін орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
  - 27.2. АҚ Жалғыз акционерінің Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, ұйымдастырылмаған нарықта қоғам артықшылықты акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер ол құрылтайшылар жиналысымен бекітілмесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарауы;
  - 27.3. АҚ Жалғыз акционері АҚ-ны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарауы;
  - 27.4. дивиденд «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 5-тармағының негіздері бойынша есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбеуі.
28. АҚ-ның артықшылықты акциясы бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері артықшылықты акцияның нақты құнының 20 %-ын құрайды. АҚ-ның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшерін төлеу жылына 1 (бір) рет, қорытындылары бойынша дивиденд төленіп отырған жылдан кейінгі жылдың 1 тамызына дейін төленеді. Оларды төлеу үшін белгіленген мерзім шегінде артықшылықты акциялар



бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшерін төлеп бастаудың тікелей күні мен оларды төлеу тәртібін АҚ Басқармасы анықтайды.

28.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің тұрақты пайыздық мөлшерін арттыру туралы шешімді АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайды, ол сол кезеңге АҚ-ның жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтерінің тұрақты пайыздық мөлшерінен аз болмауы тиіс.

28.2. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімінің басталуына дейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде АҚ төмендегі мәліметтерді көрсете отырып, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялайды:

28.2.1. АҚ-ның фирмалық атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;

28.2.2. дивиденд төленетін кезең;

28.2.3. бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;

28.2.4. дивидендті төлеп бастау күні;

28.2.5. дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

28.3. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеп бастау күнінің алдындағы күнге қарасты жасалады.

28.4. АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

АҚ-да немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

28.5. АҚ артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

АҚ-да немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, АҚ артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

29. Орналастырылмаған немесе АҚ өзі қайта сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) оны тарату жөнінде шешім қабылдаған жағдайда дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

30. АҚ-ның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

30.1. өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер АҚ-ның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

30.2. егер АҚ Қазақстан Республикасы оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер АҚ-да оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

30.3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

31. АҚ айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
32. Қосымша қаржыны тарту үшін АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облигациялар шығара алады. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымы, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды өткізуден түскен қаржыны пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді және облигацияларды шығару проспектісінде көрсетіледі.
33. АҚ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді АҚ-ның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы жасалған шарттың негізінде орталық депозитарий ғана іске асырады.
34. АҚ акцияларының қозғалысы АҚ-ның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде белгіленеді.
35. АҚ-ның бағалы қағаздары бойынша сыйақыны төлеуді АҚ өзі жүргізеді.

#### 5. АҚ акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

##### 36. АҚ акционерінің:

- 36.1. Акционерлік қоғамдар туралы заңда және (немесе) осы Жарғыда белгіленген тәртіпте АҚ-ны басқаруға қатысуға;
- 36.2. АҚ-ның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, осы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесіне АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
- 36.3. дивидендтер алуға;
- 36.4. АҚ қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіпте АҚ-ның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 36.5. орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 36.6. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына (Жалғыз акционерге) АҚ-ның Директорлар кеңесіне сайлану үшін үміткерлерді ұсынуға;
- 36.7. АҚ-ның органдары қабылдаған шешімді сот тәртібінде дау айтуға;
- 36.8. АҚ-ның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына АҚ-ның лауазымды адамдарының АҚ-ға келтірілген залалдарды АҚ-ға өтеуі және АҚ-ның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) АҚ-ға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 36.9. АҚ-ға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және өзінің сұрау салуына өзінің сұрау салуында көрсетілген мерзімде АҚ-дан дәлелді жауап алатын Жалғыз акционерді қоспағанда, сұрау салудың АҚ-ға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 36.10. АҚ таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 36.11. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын АҚ-ның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

- 36.12. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген тәртіппен АҚ акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.
37. АҚ-ның Ірі акционерінің, сондай-ақ:
- 37.1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Жалпы жиналты шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
  - 37.2. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 37.3. өз есебінен аудиторлық ұйымның АҚ аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.
38. АҚ-тың дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер АҚ Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:
- 38.1. АҚ Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында АҚ акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;
  - 38.2. егер АҚ Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі АҚ-та залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.
39. АҚ акционері:
- 39.1. акцияларды төлеуге;
  - 39.2. орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға АҚ-ның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
  - 39.3. АҚ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
  - 39.4. Қазақстан Республикасы акционерлік қоғамдар туралы және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.
40. Акционердің осы Жарғының 39-тармағының 39.2-тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін АҚ, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.

## 6. АҚ органдары

41. Мыналар АҚ органдары болып табылады:
- 41.1. жоғары орган – АҚ Жалғыз акционері (артықшылықты акциялардың меншік иелері – акционерлерге Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген тәртіппен АҚ-ны басқару құқығы берілген жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы (осы Жарғының мәтіні бойынша – Жалпы жиналыс));
  - 41.2. басқару органы – Директорлар кеңесі;
  - 41.3. атқарушы орган – Басқарма;
  - 41.4. АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды іске асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

## АҚ Жалғыз акционері

42. АҚ-ның барлық жай дауыс беретін акцияларының «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ – Жалғыз акционерге тиесілі екенін ескере отырып, осы Жарғының 47-тармағымен

көзделген жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасы акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді АҚ Жалғыз акционері өзі ғана қабылдайды және осы шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамаса және шектемесе, жазбаша түрде рәсімдеуге жатады.

43. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде АҚ Жалғыз акционері АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігін, өткен қаржылық жылдағы АҚ таза табысын бөлу тәртібін және АҚ-ның 1 (бір) жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекітуі, АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне байланысты акционерлердің өтініштері мен оларды қарастыру қорытындылары туралы ақпаратты қарастыруы тиіс.

Көрсетілген мерзім есеп беріп отырған кезеңдегі АҚ аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда, 3 (үш) айға дейін ұзартылды деп саналады.

Жалғыз акционер оның (Жалғыз акционердің) құзырлығына шешім қабылдау жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы. Директорлар кеңесінің Төрағасы АҚ Жалғыз акционерін АҚ-ның Директорлар кеңесі және атқарушы органы мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы жөнінде хабардар етеді.

Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында қаралуға тиіс мәселелерді АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешімді АҚ Директорлар кеңесі қабылдай алады.

44. Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

44.1. АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

44.2. Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

44.3. АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

44.4. АҚ жарияланған акцияларының санын арттыру немесе АҚ орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту жөнінде шешім қабылдау;

44.5. АҚ бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

44.6. АҚ жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау АО;

44.7. орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

44.8. Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

44.9. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдерін және АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын тәуелсіздік өлшемдерін бекіту;

44.10. АҚ қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

44.11. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

44.12. АҚ есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және АҚ 1 (бір) жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

44.13. АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

44.14. қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

- 44.15. АҚ-ға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы АҚ-ның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
  - 44.16. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы АҚ акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
  - 44.17. АҚ акцияларды Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
  - 44.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 44.19. АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені, сондай-ақ оны өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
  - 44.20. егер мұндай тәртіп АҚ Жарғысында белгіленбесе, акционерлерге АҚ қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу;
  - 44.21. дивидендтік саясатты бекіту;
  - 44.22. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіп пен жағдайларда, АҚ лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға АҚ-ның шығындарын өтеу туралы талап арызбен сотқа АҚ-ның жүгінуі туралы шешім қабылдау;
  - 44.23. Қор туралы Заңға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін ұйымдармен мәмілелер жасалған жағдайда, нәтижесінде елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны АҚ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті АҚ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені АҚ-ның жасауы туралы шешім қабылдауы;
  - 44.24. есеп комиссиясының сан құрамы мен уәкілеттік мерзімдерін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 44.25. АҚ даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және мониторинг жасау ережелерін бекіту;
  - 44.26. шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңында және осы Жарғыда АҚ Жалғыз акционерінің (акционерлерге - артықшылықты акциялардың иелеріне Заңмен көзделген тәртіпте АҚ басқаруға құқық берілетін жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысының) айырықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
45. Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және АҚ қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
  46. АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ-ның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша АҚ өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

#### **Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі**

47. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлерге - артықшылықты акциялардың иелеріне Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңымен көзделген жағдайларда АҚ басқаруға қатысу құқығы берілетін жағдайларда шақырылады.

48. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді е.
49. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:
  - 49.1. АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
  - 49.2. АҚ-ның аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және АҚ-ның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады;
  - 49.3. акционерлердің АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.
50. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің және АҚ атқарушы органының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы АҚ-ның акционерлеріне хабарлайды.
51. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау осы Жарғының 44-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталған соң бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Аталған мерзім есепті кезең үшін АҚ аудитінің аяқталуы мүмкін болмайтын жағдайда үш айға дейін ұзартылды деп саналады.
52. Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі мына талаптарды қанағаттандыруға тиіс:
  - 52.1. барлық акционерлерге әділ және теңқұқылы көзқарас;
  - 52.2. барлық акционерлер үшін Жалпы жиналысқа қатысудың қолжетімділігі;
  - 52.3. ең көп ұйымдастырушылық және есептік ақпаратты ұсыну;
  - 52.4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу қарапайымдылығы мен ашықтығы.
53. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
54. Акционерлердің жалпы жиналысының келесі мәселелер:
  - 54.1. корпоративтік басқару кодексің, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
  - 54.2. АҚ-ны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 54.3. АҚ-ның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе АҚ-ның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 54.4. АҚ акцияларды Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту) бойынша шешімдері жиналыста өкілдік еткен АҚ-ның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы осы Жарғының 44-тармағы 44.7-тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша, жарияланған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау бөлігінде шешім қабылдау кезінде, артықшылықты акцияларға ие акционерлің құқығын шектеуі мүмкін шешім мұндай шешім үшін орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатылып алынғандарды қоспағанда) жалпы санының үштен екісінен кем емесі дауыс беру шартында қабылданды деп есептеледі.
55. Осы Жарғының 44-тармағында көрсетілген басқа мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысатын АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
56. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын АҚ Директорлар кеңесі шақырады.

57. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
- АҚ-ның атқарушы органы;
  - АҚ-пен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
  - Директорлар кеңесі;
  - АҚ-ның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
58. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы АҚ Директорлар кеңесінің немесе Ірі акционерінің бастамасымен шақырылады. АҚ ерікті таратылу үдерісінде болған жағдайда, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын АҚ тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.
59. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы АҚ Ірі акционерінің талабы АҚ-ның атқарушы органының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.
60. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті. Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған кезде Директорлар кеңесі өзінің қалауы бойынша Жалпы жиналыстың күн тәртібін кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.
61. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін АҚ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.
62. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға АҚ-ның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.
63. Барлық акционерлердің Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысына қатысатын тұлғалардың тізімімен танысу мүмкіндігі болуға тиіс.
64. АҚ акционерлеріне алда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік отыз күн бұрын, ал өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс.
65. АҚ Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарды басқа да бұқаралық ақпарат құралдары (радио, телевидение және т.б.) арқылы қосымша таратуға құқылы.
66. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:
- 66.1. АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
  - 66.2. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

- 66.3. АҚ Акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, АҚ акционерлерінің өткізілуге тиісті болған Жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;
  - 66.4. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
  - 66.5. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 66.6. АҚ акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
  - 66.7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
  - 66.8. сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
  - 66.9. оларға сәйкес АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары болуға тиіс.
67. Аралас дауыс беру кезінде АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада осы Жарғының 66-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.
  68. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:
    - 68.1. АҚ-тың атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
    - 68.2. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
    - 68.3. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
    - 68.4. сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;
    - 68.5. сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
    - 68.6. АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;
    - 68.7. АҚ акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;
    - 68.8. дауыс беруді өткізу тәртібі;
    - 68.9. АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.
  69. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы.
  70. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізу Акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындалмайды және де сол күн тәртібімен бұрын жарияланған орында өткізіледі.
  71. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.
  72. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:
    - 72.1. АҚ акционерлері Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, АҚ-тың дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;



- 72.2. егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және АҚ-тың дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту АҚ жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
74. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, мәселені шешу артықшылықты акцияларды иеленетін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.
75. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
76. Күн тәртібінде, "әр түрлі", "өзге", "басқалары" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.
77. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, АҚ-тың дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
78. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:
- 78.1. кворумның болмауы себепті Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- 78.2. тіркеу аяқталу сәтіне оған қатысу үшін АҚ-ның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
79. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде АҚ алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.
80. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.
81. Есеп комиссиясы Акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады және құрамында үш адам болады.

82. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциясы орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін. Есеп комиссиясына АҚ-ның алқалы органдары мүшелерінің, сондай-ақ АҚ-ның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның кіруіне болмайды
83. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін уақытта есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда жиналыс өткізілетін уақытқа есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.
84. Есеп комиссиясы:
- 84.1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттігін тексереді;
  - 84.2. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды береді;
  - 84.3. сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің дұрыстығын анықтайды және дұрыс бюллетеньдер мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды санайды;
  - 84.4. Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілген барлық уақыттың ішінде болуын да анықтайды және кворумның болғаны немесе болмағаны туралы хабарлайды;
  - 84.5. Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
  - 84.6. Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындысын шығарады;
  - 84.7. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;
  - 84.8. дауыс беру бюллетеньдерін және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы АҚ-ның мұрағатына береді.
85. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
86. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі барлық акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға құқығын жүзеге асырудың тең мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Акционер жеке өзі немесе өз өкілі арқылы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. АҚ-ның атқарушы органы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ. Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, АҚ қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
87. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
88. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің

жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

89. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
90. АҚ-ның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
91. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды, сондай-ақ ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді.
92. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.
93. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.
94. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
95. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.
96. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.
97. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:
  - 97.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
  - 97.2. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
  - 97.3. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.
98. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, сондай-ақ сырттай дауыс беруді және қатысып жасырын әдіспен өткізу арқылы қабылдануы мүмкін.
99. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:
  - 99.1. пошта байланысының құралдары қолданылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей;

99.2. хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда, Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін кезде АҚ Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялайды.

100. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:
  - 100.1. АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
  - 100.2. жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
  - 100.3. сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
  - 100.4. Акционерлердің жалпы жиналысы жабылатын күн;
  - 100.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 100.6. егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
  - 100.7. дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
  - 100.8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
  - 100.9. күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.
101. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.
102. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға тиіс. Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
103. Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.
104. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілетін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл орайда қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде:
  - 104.1. мәселенің тұжырымдалуы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның рет нөмірі;
  - 104.2. мәселелер бойынша "жақтайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе АҚ-ның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 104.3. акционерге тиесілі дауыстар саны болуға тиіс.

105. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде өзіне тиесілі акцияларды Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес сатып алу туралы қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.
106. Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары есепке алынады.
107. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды, хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.
108. Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда АҚ-ның Есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.
109. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және АҚ-да сақталады.
110. Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысының барысында жария етіледі.
111. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы және қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен (осындай тәртіп болған кезде) жеткізіледі.
112. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.  
Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына:
  - 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;
  - 2) есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде) қол қоюға тиіс.Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмесе – Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.  
Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары мен үшінші бөлігінде аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.
113. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:
  - 113.1. АҚ-ның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
  - 113.2. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
  - 113.3. АҚ-ның Акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
  - 113.4. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
  - 113.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

- 113.6. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 113.7. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 113.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 113.9. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 113.10. дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 113.11. Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

114. Акционерлердің жалпы жиналысында АҚ-ның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында: Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

115. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

#### **АҚ Директорлар кеңесі**

116. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңында, осы Жарғыда АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, АҚ Директорлар кеңесі АҚ-ның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

117. Мынадай мәселелер АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 117.1. АҚ қызметінің басым бағыттарын және АҚ-ның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда АҚ-ның бизнес-жоспарын (даму жоспарын, бюджетін) бекіту, сондай-ақ АҚ-ның даму стратегиясы мен бизнес-жоспарының (даму жоспарының, бюджетінің) жүзеге асырылуына мониторинг жасау;
- 117.2. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңында және осы Жарғыда көзделген жағдайларда Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 117.3. Акционерлік қоғамдар туралы заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 117.4. АҚ-ның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 117.5. АҚ-ның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) өткен қаржы жылындағы АҚ таза табысын бөлу тәртібі және АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныс жасау;
- 117.6. АҚ-ның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау. Хеджерлеу саясатын бекіту;

- 117.7. атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 117.8. атқарушы органның басшысының орынбасарларын (АҚ Басқармасының мүшелері болып табылмайтын) лауазымдарға тағайындау үшін кандидатураларын алдын ала келісу;
- 117.9. атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау, сондай-ақ олардың қызметіне баға беру;
- 117.10. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, Корпоративтік хатшы туралы қағиданы бекіту, Корпоративтік хатшының қызметіне баға беру, Корпоративтік хатшының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту;
- 117.11. қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ АҚ-ның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 117.12. АҚ-ның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған АҚ қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және АҚ-ның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 117.13. АҚ-ның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 117.14. АҚ-ның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 117.15. акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы АҚ-ға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 117.16. АҚ-ның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 117.17. АҚ немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 117.18. жасалуы туралы шешімді осы Жарғының 44-тармағы 44.23-тармақшасына және Акционерлік қоғамдар туралы заңның 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес АҚ жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, АҚ-ның ірі мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау; Қор туралы заңға сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кірмейтін ұйымдармен, сонымен қатар жеке тұлғалармен жасалуына АҚ мүдделі мәмілелерді АҚ жасасуы туралы шешім қабылдау;
- 117.19. АҚ орталық аппаратының құрылымы мен штаттық санын, сондай-ақ АҚ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру шарттары мен талаптарын реттейтін құжаттарды бекіту;
- 117.20. (жоспарланатын) жылға АҚ Шоғырландырылған бюджетін, (жоспарланатын) жылға АҚ Бюджетін, жоспарланатын (жылға) АҚ Шоғырландырылған қаржылық жоспарын, (жоспарланатын) жылға АҚ Қаржылық жоспарын, (жоспарланатын) жылға АҚ Кезең шығыстарының шоғырландырылған жоспарын, (жоспарланатын) жылға АҚ Кезең шығыстарының жоспарын, (жоспарланатын) жылға АҚ Инвестициялардың қосынды жоспарын бекіту;

- 117.21. басқа заңды тұлғаларды құруға АҚ қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 117.22. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы қағидаларды бекіту, сондай-ақ комитет мүшелерін сайлау;
- 117.23. АҚ Басқармасының АҚ қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қардылық есептілікті Директорлар кеңесіне беру тәртібі мен мерзімдерін айқындау;
- 117.24. жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Шоғырландырылған бизнес-жоспарын (даму жоспарын), жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Шоғырландырылған бюджетін, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Бюджетін, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Ақшалай қаражат қозғалысының шоғырландырылған болжамын, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Ақшалай қаражат қозғалысының болжамын, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Кезең шығыстарының шоғырландырылған жоспарын, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Кезең шығыстарының жоспарын, жылдарға (ортамерзімдік кезеңге) АҚ Инвестициялардың қосынды жоспарын бекіту;
- 117.25. қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін, АҚ әкімшілік аппаратын орналастыруға арналған аудандар нормасын айқындау;
- 117.26. қызметтік іссапарларға жіберілетін АҚ қызметкерлеріне шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;
- 117.27. қызметкерлерге мобильді байланысты пайдалану құқықтарын беру кезінде АҚ қаражаты есебінен өтелетін шығындар лимитін, өкілдік шығындар лимитін айқындау;
- 117.28. құзырлы мемлекеттік органдармен келісуге (жасауға) жатқызылатын жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге келісімшарттардың қосымшалары болып табылатын құжаттардың жобаларын бекітуді қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау), жер қойнауын пайдалануға келісімшарттарға өзгертулер енгізу (заңнамалық актілердегі өзгертулермен немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен байланысты келісімшарттарды өзгертулерді, тараптардың деректемелерінің өзгеруі және редакциялау сипатындағы өзгертулерді енгізуді қоспағанда) мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттарды қоспағанда жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар бойынша жобаларды бірігіп жүзеге асыру үшін стратегиялық серіктестермен біріккен қызмет туралы шарттар (келісімдер) жасасу;
- 117.29. АҚ есептік және салық саясатын бекіту;
- 117.30. АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерін, АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарын (АҚ ішкі құжаттарымен АҚ басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда) бекіту:
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат;
  - Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағида;
  - тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсан сайынғы есептер;
  - Ішкі бақылау жүйесі туралы қағида, ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
  - тәуекелдер тізілімі мен картасы;
  - тәуекел-тәбеті;
  - АҚ ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге құжаттар;
- 117.31. басқарушылық есептілік жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
- 117.32. АҚ мүлкін өткізу туралы қағиданы, сондай-ақ АҚ активтерін өткізу мәселелерін регламенттейтін өзге де құжаттарды бекіту;
- 117.33. АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төлеу мөлшері, белгілеу тәртібі мен шарттары жөнінде нұсқауларды дайындау;



- 117.34. АҚ атқарушы органының басшысы мен мүшелері, АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы мен Корпоративтік хатшыға арналған қызметтің уәждеуші негізгі көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту;
- 117.35. АҚ атқарушы органының басшысы мен мүшелерінің және АҚ Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес АҚ басқа қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;
- 117.36. АҚ атқарушы органы туралы қағиданы бекіту;
- 117.37. АҚ атқарушы органының басшысы мен мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешімді қабылдау;
- 117.38. АҚ Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есеп бар АҚ жылдық есебін бекіту;
- 117.39. басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын АҚ-ға сенімдік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;
- 117.40. Корпоративтік хатшының, АҚ Директорлар кеңесі және АҚ Ішкі аудит қызметінің штаттық кестесін және лауазымдық айлықақыларының сұлбасын бекіту;
- 117.41. ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және АҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне баға беру;
- 117.42. АҚ корпоративтік басқару тиімділігіне баға беру, өз құзыреті шеңберінде АҚ тиісті құжаттарына өзгертулерді бекіту, АҚ Жалғыз акционеріне корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- 117.43. корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;
- 117.44. АҚ корпоративтік этика кодексін бекіту, сондай-ақ оның қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 117.45. АҚ омбудсменін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы қағиданы бекіту; АҚ қауіпсіздік және тәртіп жөніндегі директорын тағайындау және оның өкілеттіктерін тоқтату;
- 117.46. АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекіту;
- 117.47. корпоративтік даулар және мүдделер қақтығысына мониторинг жасау және өз құзыреті шеңберінде реттеуге қатысу;
- 117.48. Директорлар кеңесі мүшелерінің АҚ қызметі туралы, соның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;
- 117.49. АҚ және акцияларына (қатысу үлестеріне) АҚ тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (қайта құру, қайта ұйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен айыру, сенімді басқаруға беру, ауырпалықтар салу/жасау және т.б. қоса, алайда бұлармен шектелмей) регламенттейтін құжаты бекіту, оның жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ аталған құжатты кезеңдік негізде қайта қарау;
- 117.50. акцияларына (қатысу үлестеріне) АҚ тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың лауазымды адамдарын тағайындауға қатысты саясаттарды жасау;
- 117.51. АҚ дивиденттік саясатын алдын ала бекіту;
- 117.52. жұмыстарды (қызметтерді) аутсорсингке беру жөніндегі Пилоттық жобаның жүзеге асырылуы туралы шешімді қабылдау;
- 117.53. «ҮМЗ» АҚ бөлімшелерінде Пилоттық жобаның көбейтілуін мақұлдау;
- 117.54. АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмыстар мен лауазымдарды қоса атқаруын алдын ала мақұлдау;
- 117.55. АҚ активтерінің баланстық құнының 10 %-нан артық сомаға АҚ еншілес ұйымдарына займдар, қаржылық көмек және кепілдемелер беру туралы шешімдерді қабылдау;

- 117.56. АҚ активтерінің ортақ баланстық құнынан бір және одан көп пайызы мөлшерінде АҚ активтерін есептен шығару туралы шешім қабылдау;
  - 117.57. АҚ Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, АҚ Ішкі аудит қызметі туралы қағиданы бекіту, АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысына баға беру, АҚ Ішкі аудит қызметі бюджетінің негізгі баптарына лимиттерді (шығындар сметасы) бекіту;
  - 117.58. АҚ Ішкі аудит қызметінің жылдық аудит жоспарын және АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмыс істеуінің стратегиялық жоспарын (егер бар болса) бекіту, АҚ Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі ІАҚ) тоқсандық және жылдық есептерін қарастыру және олар бойынша шешімдер қабылдау;
  - 117.59. АҚ Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;
  - 117.60. ІАҚ әдіснамалық құжаттарын (саясатын, рәсімін) бекіту;
  - 117.61. жеке салалар бойынша ішкі аудит жүргізу қызметтерін сыртқы жеткізушілерді тарту туралы шешім қабылдау;
  - 117.62. ІАҚ басшысының лауазымдық нұсқаулығын бекіту;
  - 117.63. ІАҚ қызметкерлерінің қызметінің маңызды көрсеткіштерін бекіту;
  - 117.64. АҚ Директорлар қызметінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға қабылдау бағдарламасын/саясатын және АҚ Директорлар қызметінің жаңадан сайланған әрбір мүшесіне арналған кәсіби даму бағдарламасын бекіту;
  - 117.65. құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды бекіту; құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобалардың тиімді жүзеге асырылуына мониторинг жасау;
  - 117.66. АҚ Директорлар кеңесі, АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің және АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау саясатын бекіту;
  - 117.67. «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды тарту саясатын бекіту;
  - 117.68. АҚ басқарушылық есептілігін қарастыру;
  - 117.69. Кадрлық саясатты бекіту;
  - 117.70. Тұрақты даму бағдарламасын және тұрақты даму саласындағы өзге де стратегиялық құжаттарды бекіту;
  - 117.71. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айырықша құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңында, осы Жарғыда және АҚ Корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге де мәселелер.
18. АҚ Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешу үшін АҚ атқарушы органына берілмейді.
  19. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) сайлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және АҚ Корпоративтік басқару кодексімен белгіленген тәртіпте ол АҚ Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда қайтадан сайлайды.
  20. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері:
    - 120.1. акционерлер – жеке адамдар;
    - 120.2. АҚ Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

120.3 АҚ-ның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңына және (немесе) АҚ-ның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

121. Жеке адам ғана АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. АҚ Басқарма Төрағасынан басқа АҚ Басқармасының мүшелері АҚ Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. АҚ Басқарма Төрағасы АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен сайланады.

АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес компанияларда жұмыс істемейді және лауазымдар атқармайды.

122. АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 6 (алты) адамнан кем болмауға тиіс. АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Соңынан, қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық болу шартында, тағы үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан артық мерзімге кез келген сайлану мерзімі (мысалы, екі үшжылдық мерзім) АҚ Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарастыруға жатады.

АҚ Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Тәуелсіз директор АҚ Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан артық мерзімге сайлауға жол беріледі, АҚ Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын АҚ Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсер етуі туралы егжей-тегжейлі түсіндірілумен өткізілуі керек.

Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін АҚ-да Директорлар кеңесі комитеттері құрылады. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережемен және/немесе АҚ Директорлар кеңесі бекіткен АҚ-тың басқа ішкі құжаттарымен белгіленеді.

123. АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) жаңа АҚ Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдау кезінде аяқталады. АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. АҚ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату АҚ Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. АҚ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, АҚ Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

124. АҚ Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе АҚ атқарушы органының бастамасы бойынша, не:

124.1. АҚ Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

- 124.2. АҚ ішкі аудит қызметінің;  
124.3. АҚ-ға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;  
124.4. АҚ ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
125. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасына АҚ Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен АҚ Басқармасына жүгінуге құқылы, ол АҚ Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе АҚ Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. АҚ Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі. АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне АҚ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін АҚ Директорлар кеңесі айқындайды.
126. АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің 1 (бір) даусы болады. АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері, АҚ Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының немесе АҚ Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші дауыс болып табылады.
127. АҚ Директорлар кеңесі АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
128. АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу арқылы (сырттай дауыс беру) қабылдануы мүмкін.
129. АҚ Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу тәртібі мен шарттары АҚ Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) бекітетін АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидада айқындалады.
130. АҚ Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өткен күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жасалып, оған АҚ Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық еткен адам мен АҚ Корпоративтік хатшысы қол қоюға және онда:
- 130.1. АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;  
130.2. АҚ Директорлар кеңесі отырысының өткізілген күні, уақыты және орны;  
130.3. АҚ Директорлар кеңесі отырысына қатысқан адамдар туралы мәліметтер;  
130.4. АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;  
130.5. дауысқа қойылған мәселелер және АҚ Директорлар кеңесінің әр мүшесінің АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;  
130.6. қабылданған шешімдер;  
130.7. АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.
131. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, АҚ Корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюға тиіс.. Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде шешім Директорлар кеңесінің мүшелеріне және АҚ атқару органына негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерімен қоса жіберілуге тиіс.

132. АҚ Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері АҚ-да сақталады.
133. АҚ корпоративтік хатшысы АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған АҚ Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және/немесе оған хаттама мен шешімдердің өзі қол қойып және АҚ Директорлар кеңесінің мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті. АҚ Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе АҚ Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.  
Акционер АҚ Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім акционерлік АҚ-ның және (немесе) осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.
134. АҚ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум АҚ Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

#### **АҚ Басқармасы**

135. АҚ ағымдағы қызметіне АҚ Басқармасы басшылық етеді. АҚ Басқармасы АҚ қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда АҚ-ның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы. АҚ-ның атқарушы органы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде АҚ-ның атқарушы органының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. АҚ Басқармасы Жалғыз акционер мен АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті, және де Басқармаға АҚ-ның аталған органдарымен жүктелген міндеттерді орындауы үшін АҚ-ның осы органдарының алдында жауапты болады.
136. АҚ-ның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады. АҚ Басқармасын 3 (үш) жылдан артық емес мерзімге саны 5 (бес) адамнан кем емес құрамда АҚ Директорлар кеңесі сайлайды. АҚ Басқарма Төрағасын АҚ Директорлар кеңесі сайлайды.
137. АҚ Басқармасына Төраға басшылық етеді. АҚ Басқарма Төрағасы АҚ Жалғыз акционеріне (Акционерлердің жалпы жиналысына) және АҚ Директорлар кеңесіне есеп береді және де өзіне жүктелген функцияларды орындағаны үшін олардың алдында жауапты болады.
138. АҚ Басқармасының әрбір мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, АҚ Корпоративтік басқару кодексімен, сондай-ақ Басқарма мүшесі мен АҚ арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. АҚ атынан АҚ Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған АҚ Жалғыз акционерімен (Акционерлердің жалпы жиналысымен) уәкілеттік берілген адам қол қояды. АҚ Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына АҚ Басқарма Төрағасы қол қояды.
139. АҚ Басқармасының мүшелері АҚ Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. АҚ Басқармасының Төрағасы басқа заңды тұлғаның

атқарушы органының басшысының немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

140. АҚ Басқармасының құзыретіне мыналар жатады:

- 140.1. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) және АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастыру;
- 140.2. АҚ даму стратегиясын немесе АҚ бизнес-жоспарын (даму жоспарын, бюджетін) әзірлеу және АҚ Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуге ұсыну;
- 140.3. АҚ жылдық қаржылық есептілігін, АҚ таза табысын бөлу, қорларды қалыптастыру, дивидендтерді есептеу және төлеу, шығындарды жабу туралы ұсыныстарды АҚ Директорлар кеңесінің қарауына және алдын ала бекітуге ұсыну;
- 140.4. Заңда белгіленген тәртіпте және жағдайларда танысу үшін АҚ акционерлеріне ұсынылуға жататын материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 140.5. АҚ қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылатын шешімдерді шығару;
- 140.6. Қор туралы заңға сәйкес Қордың тобына кіретін ұйымдармен жасалуына мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;
- 140.7. АҚ активтерінің ортақ баланстық құнының бір пайызына дейінгі мөлшерде АҚ активтерін есептен шығару туралы шешім қабылдау;
- 140.8. құзырлы мемлекеттік органдармен келісуге (жасауға) жатқызылатын жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге келісімшарттардың қосымшалары болып табылатын құжаттардың жобаларын бекітуді қоса алғанда, жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта табыстау) мәселелері бойынша шешімдер қабылдау (жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге келісімшарттарды, жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге келісімшарттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы келісімдер жасау және жалпы таралған пайдалы қазбаларға барлау жүргізу және өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығының туындауымен тоқтатылуымен байланысты басқа да заңи іс-әрекеттер жасау);
- 140.9. ішкі бақылау жүйесінің дамуы (жай-күйі) туралы жылдық есептерді қарастыру;
- 140.10. АҚ Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды қоспағанда, ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін регламенттейтін ішкі құжаттарды (Ережелер, Әдістемелер, Жоспарлар мен тағы басқалар) бекіту;
- 140.11. «ҮМЗ» АҚ дебиторлық және кредиторлық берешегін басқару туралы ережені бекіту;
- 140.12. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) немесе АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, АҚ ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.

141. АҚ Басқарма Төрағасы:

- 141.1. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) және АҚ Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 141.2. үшінші тұлғалармен қатынастарда АҚ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 141.3. үшінші тұлғалармен қатынастарда АҚ атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді, құзыреті шеңберінде шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасайды;
- 141.4. АҚ қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, АҚ-ның штат кестесіне сәйкес АҚ

- қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, АҚ Басқармасы, АҚ Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді және Корпоративтік хатшыны қоспағанда, АҚ қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 141.5. АҚ Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуге АҚ Басқармасының сандық құрамы, АҚ Басқармасының мүшелеріне кандидатуралар, олардың лауазымдық айлықақылары мен сыйақы беру шарттары жөніндегі ұсыныстарды береді;
  - 141.6. АҚ барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылатын бұйрықтарды, өкімдерді шығарады және нұсқаулар береді;
  - 141.7. өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды АҚ Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді. Бұл ретте АҚ Басқармасының аталған мүшесі АҚ органдарымен, лауазымды адамдарымен және қызметкерлерімен, сондай-ақ үшінші адамдармен қарым-қатынас жасау кезінде өзіне АҚ Басқармасы Төрағасының міндеттерін атқаруды жүктеу туралы бұйрықтың және осы Жарғының негізінде іс-әрекет жасайды;
  - 141.8. АҚ Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
  - 141.9. АҚ Басқармасының отырыстарын өткізу және АҚ Басқармасы отырыстарының хаттамаларын жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастырады;
  - 141.10. өз құзыреті шеңберінде АҚ-ның, оның құрылымдық және/немесе жекешеленген бөлімшелерінің қызметін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес тәуелді акционерлік ұйымдардың, еншілес және бірігіп-бақыланатын ұйымдардың қызметін осы заңды тұлғалардың қызметі мәселелері бойынша үйлестіруді және бақылау жасауды жүзеге асырады;
  - 141.11. АҚ құрылымдық бөлімшелері туралы қағидаларды бекітеді;
  - 141.12. АҚ атынан барлық/кез келген маңызды заңды іс-әрекеттерді жасайды, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңымен, осы Жарғымен және АҚ Корпоративтік басқару кодексімен АҚ-ның жоғары органдарының құзыретіне жатқызылған іс-әрекеттер мен мәмілелерді қоспағанда, мәмілелер жасайды және оларға қол қояды;
  - 141.13. АҚ-ның материалдық, еңбек, қаржылық және өзге де ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылау жасайды;
